



ереже (бұдан әрі – Ереже) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексын (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 32-1-бабына сәйкес әзірленген және 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған және 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару тәртібін айқындайды.

О с ы Е р е ж е н і ң т ә р т і б і :

2010 жылғы 1 шілдеге дейін заңды күшіне енген сот үкімінің не қаулысының негізінде жалған кәсіпорындар болып танылған;

осы Заңның 48-1-бабының талаптарына сәйкес келетін;

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) 623-бабының талаптарына с ә й к е с к е л е т і н ;

олар бойынша 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған өсімпұлдар сомасы 2009 жылғы 1 қаңтардан басталған кезеңде қосымша және (немесе) хабарлау бойынша қосымша салық есептілігін табыс ету нәтижесінде түзілген;

мынадай қызмет түрлерінің бірін немесе бірнешеуін:

акцизделетін өнім өндіруді;

акцизделетін өнімді сақтауды және көтерме саудамен өткізуді;

бензин, дизель отыны мен мазут өткізуді;

жер қойнауын пайдалануды;

түсті және кара металл сынықтары мен қалдықтарын жинауды (дайындауды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді;

құрылысты (тиісті лицензиясы болған кезде);

қаржы немесе сақтандыру қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілерге қ о л д а н ы л м а й д ы .

2. Осы Ережені қолданысқа енгізген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде салық органдары 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған және 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару жөнінде комиссия құрады (бұдан әрі – комиссия).

К о м и с с и я қ ұ р а м ы н а :

1) заң қызметінің;

2) салық тіркеулері үшін жауапты;

3) салық төлеушілерді есепке алуды және дербес шоттарын жүргізуге;

4) салық аудиті үшін жауапты;

5) мәжбүрлеп өндіріп алу үшін жауапты лауазымды тұлғалар енеді.

Комиссияны салық органының басшысы болып табылатын төраға басқарады.

3. Комиссияны құрған күннен бастап салық органдары 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген және 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша

төленбеген өсімпұлдар сомасына, сондай-ақ 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2009 жылдың 1 мамырына дейінгі кезеңде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түрлері бойынша төленген өсімпұлдар сомасын іріктеу мақсатында салық төлеушілердің дербес шоттары мен салық актілеріне түгендеу жүргізуге кіріседі.

4. Түгендеу жүргізудің қорытындысы бойынша 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған және 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару туралы әрбір салық төлеуші бойынша осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – шешім) шығарылады.

Салық органының шешіміне комиссияның төрағасы қол қояды.

5. Салық төлеушілерді есепке алуды және дербес шоттарын жүргізуге жауапты лауазымды тұлғалар шешім шығарған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген және 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару жүргізеді.

Салық төлеушінің дербес шотының «Өсімпұлдар бойынша есептер» - «Есептелді (кемітілді)» бағандарында көрсету жолымен есептен шығаруға жататын өсімпұлдар сомасын, дербес шоттың «Операцияның мазмұны және оның негізінде жазба (енгізу) жүргізілетін құжат» бағанында минус белгісімен көрсетумен есептен шығару жүргізіледі:

Салық төлеушінің дербес шотынан өсімпұлдар сомасын есептен шығару туралы «\_\_»\_\_\_\_\_ 2010 жылғы № \_\_\_\_ шешім».

6. Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша салық департаменттері 2011 жылдың 1 шілдеден кешіктірмей осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша салық төлеушілердің қимасында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитетіне есеп тапсырады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 2011.05.24 N 267 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.**

2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған және 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару ережесіне 1-қосымша Нысан

**2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған және 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару туралы № \_\_\_\_ шешім**

(салық органының атауы)

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы » Қазақстан Республикасы Заңының 32-1-бабына сәйкес 2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған және 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасы есептен шығарылсын:

теңге

№ р/с	Салық төлеушінің СТН-і	Салық төлеушінің атауы	Қызмет түрі	КБК	2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған өсімпұлдар сомасы	2009 жылғы 1 қаңтарынан 2010 жылғы 1 мамырдағы бойынша төленген өсімпұлдар сомасы	Есептен шығарылуға жататын өсімпұлдар сомасы  (6-баған – 7-баған)
1	2	3	4	5	6	7	8
		Барлығы	X	X			

Салық органының басшысы \_\_\_\_\_

(Аты-жөні, қолы, мөр)

2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған және 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару ережесіне

2-қосымша

Нысан

**2009 жылғы 1 қаңтарға дейін есепке жазылған және 2010 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша төленбеген өсімпұлдар сомасын есептен шығару туралы есеп**

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

(салық департаментінің атауы)

					есептен шығару туралы	Дербес шотта өсімпұлдар	есептен шығаруды	есептен шығаруды
--	--	--	--	--	-----------------------	-------------------------	------------------	------------------

№ р/с	Салық органының коды	Салық телеушінің СТН-і	Салық телеушінің атауы	Қызмет түрі	КБК	шешім (№ мен күні)	сомасы есептен шығарылды (теңге)	орындаушының аты-жөні	орындаушының лауазымы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
	Барлығы:	X	X	X	X	X		X	X

Салық органның басшысы (орынбасары) \_\_\_\_\_  
(Аты-жөні, қолы, мөр)